



**ШЕШІМ**

29.03.2024

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ 160/20-VIII

№

город Астана

**Астана қаласында 2024 жылға арналған  
кондоминиум объектісін басқаруға  
және кондоминиум объектісінің  
ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған  
шығыстардың ең төмен мөлшерін  
бекіту туралы**

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 10-3 бабының 1-тармғына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 бұйрығымен бекітілген Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласында 2024 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшері 1 шаршы метр үшін 57 теңге сомасында бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы

Е. Канагимов